«Жетісу»
телерадиокомпаниясы»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«телерадиокомпания
«Жетісу»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы 23 қыркүйек

№ 116 -ө/қ

Талдықорған қаласы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағын негізге ала, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығымен енгізілген редакциядағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, сондай-ақ кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жетісу» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ішкі ережесі бекітілсін.
2. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері осы бұйрықпен бекітілген «Жетісу» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережесімен белгіленген талаптарды сақтауды қамтамасыз етсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындауға жауапты тұлғаға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында және осы ережеде белгіленген міндеттерді орындау жүктелсін.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысы серіктестіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына, штат санына және қызмет ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылсын.
5. «Жетісу» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2024 жылғы 20 қарашасындағы «Жетісу» телерадиокомпаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функциялары туралы ережесінің күші осы бұйрық негізінде жойылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **Д. Байболатов**

Бұйрықпен таныстым:
_____А.Әлпек
_____Т.Абдрахманов
2026 жылғы 23 қыркүйек